




**Мен конституцияны жатқа білемін!**

6 - бетте



**Жастар қалауы - Жасыл ел**

7 - бетте



**Өлке тарихының жанашыры**

13 - бетте



**Жаңалықтарды оқыңыз**  
[www.asu.edu.kz](http://www.asu.edu.kz)  
**Читайте новости**

# АТЫРАУ UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың сәуір айынан шығады

# Университет

Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ  
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№5 (100)  
ТАМЫЗ 2020 ЖЫЛ



**30 ТАМЫЗ  
АВГУСТА**  
Қазақстан Республикасының  
**КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ**  
**ДЕНЬ КОНСТИТУЦИИ**  
Республики Казахстан

**1 ҚЫРКҮЙЕК  
СЕНТЯБРЯ**  
**БІЛІМ КҮНІ**  
**ДЕНЬ ЗНАНИЙ**

## Қымбатты әріптестер мен студенттер!

Сіздерді мемлекеттік маңызы бар мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Осыдан жиырма бес жыл бұрын тамыздың 30-ында Қазақстан тарихында жауапты шешім жасалып, еліміздің Конституциясы қабылданды.

Зайырлы мемлекеттің іргетасын орнатып, әлемнің өркениетті елдерімен жан-жақты экономикалық-саяси тең дәрежеде қарым-қатынас қалыптастырумен қатар ірі реформаларды іске асыру мен демократиялық принциптерді құрметтеу Ата Заңымыздың аясында белсенді түрде жүргізіліп келеді.

Айтулы мереке тәуелсіз еліміздің одан әрі өркендеп дамуына жаңа мүмкіндіктер сыйласын!

Сондай-ақ, Білім күні – жаңа оқу жылында жаңаша серпін, мол мүмкіндіктер тудыратын ұлы мейрам. Әсіресе, мектеп табалдырығын аттаған жас бүлдіршіннен бастап, мектеп бітір ген жас түлектердің

жауапты қадам жасауына бастама болар сәтті кезең болумен қатар ерекше форматта өткелі отыр.

Өйткені, әлемдік пандемияға байланысты сақтық шараларын қатаң ұстану, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрбірімізге үлкен жауапкершілік жүктеді.

Қоғамның алға ілгерілеуіне қашанда терең білім, үздіксіз талпыныс, қажырлы еңбек керек. Ол үшін талапты шәкірт, үздік студент, ізденімпаз ұстаз тығыз байланысты болуы шарт. Сонда ғана, жаһандану кезеңінде жаңа инновацияларды еркін меңгеріп, ғылым мен білімнің әлемдік аренаға жол ашуына кедергісіз қол жеткіземіз.

Осынау айтулы мерекеде баршаңызға мықты денсаулық, шығармашылық ізденіс пен үлкен жетістіктер тілеймін. Жаңа оқу жылы жағымды жаңалықтарға толы болсын! Тәуелсіз еліміз гүлденіп, көркейе берсін!

Құрметпен, Басқарма төрағасы - ректор м.а. С.ИДРИСОВ

## Құрметті 1 курс студенттері !

Сіздерді Білім күнімен және білікті маман иесі атануға алғашқы қадам жасауларыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Болашақтың кірпіші болып қалануда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенті болуға таңдау жасап, нақты қадам басқаныңыз – біз үшін үлкен абырой. Сіздердің сапалы білім алып, ғылым жолында тың жетістіктерге жетулеріңізге университет ұжымы жан-жақты қолдау көрсетеді.

Атырау университеті – Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі өзіндік тарихы мен тәжірибесі бар халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын іргелі білім ордасы. Сіздер үшін оқу корпустары, студенттер үйлері, ғылыми кітапхана, спорт кешені мен стадион, дәрігерлік бөлім жұмыс жасайды. Сонымен бірге өзіңіздің қызығушылығыңызға сай оркестр, ансамбль, дебат клубы, медиаорталық, жастар бастамалары

орталықтарында қызықты студенттік шақты өткізе аласыздар. Биылғы оқу жылы әлемдегі пандемияға байланысты қашықтан оқыту форматында болса да, біз сіздерге сапалы білім беруге барлық жағдай жасайтын боламыз.

Біз сіздерді университетіміздің болашақ түлегінің моделіне сай боласыз деп сенеміз. Университет жастарын қазақ, орыс, ағылшын тілінде коммуникациялық дағдысы бар, кәсіби және интеллектуалды дамыған, жалпы адами қасиеті жоғары, экологиялық мәдениетті, салауатты өмір салтын ұстанған тұлға ретінде көреміз.

Жаңа серпінмен университетімізде терең білім мен тәжірибе жинақтап, жан-жақты дамыған маман болып қалыптасуларыңызға тілек білдіремін. Білім ордасына қош келдіңіздер!

**Құрметпен,  
ректор Саламат Нұрмұханұлы Идрисов**

### Жайлы жатақхана жан жадыратады



### I-space іскерлік пен дамуға жол бастайды



### Шынықсаң - шымыр боларсың



### Шетел тілін жетік меңгер



### Кітап - білім бұлағы



### Ақпарат білген әлемді билейді



### Өнерлі өрге жүзеді



Құттықтау

## ҚАДІРМЕНДІ АСХАТ СӘЛІМҰЛЫ!

Сізді Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің дамуына зор үлес қосқан тұлға ретінде де, қоғам және мемлекет қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ректор кеңесшісі ретінде де құрметтейміз.

Жаңа шыққан белесіңіз абыройлы жетістіктер мен берекелі табыстарға толы болсын. Еңбегіңіз еленіп, мәртебеңіз асқақтай берсін!

Сізге шын жүректен құттықтай отыра жанұя амандығын тілейміз. Өркендеу мен өрлеудің шыңында болуыңызға тілек білдіреміз.

Ізгі тілекпен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ұжымы



## АСА ҚҰРМЕТТІ АСХАТ СӘЛІМҰЛЫ!

Туған күніңіз құтты болсын!  
Сіздің жастардың әр қайсысын өз балаңыздай көріп, аялай білетін басшы екендігіңізді өмір дәлелдеді.  
Республикаға атыңыз белгілі, үлгілі ұстазсыз. Бұл біз үшін мақтаныш!

### АСХАТ ІНІМЕ

Бүгінгі сен туған күн – жайма-шуақ Сәулесі дарытқандай бойға қуат. Кімнің бұл туған күні екендігін Әркімнен табиғат та тұр ма сұрап?!

Алыстан іздеп ерді не қыламыз? Баршамыз қасыңнан тек табыламыз. Батысты мың айналсақ, дәл өзіңдей Жігіттің таптырмайды нары нағыз.

Жатпаған ешбір ісің жөргегінде, Қуат бар, ізгілік бар сергек үнде. Жайнатқан жас өркенді гүлге бөлеп, Ісіңді ел шығарады төрге күнде!

Жүрегің шұғылалы таңғы аспандай, Намысың ерліктерге жалғасқандай. Адамсың бір айтатын кесіп-пішіп, Сөзіңді жарқ еткізіп таңғы аспандай!

Қадыр аға

## ЕЛ КОНСТИТУЦИЯСЫ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Конституциясының кіріспесі Ата Заңды қабылдаудың себептері мен мақсаттарын былай түсіндірген: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы тарихи жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституциясын қабылдаймыз».

Б ай ыр ғы қа за қ да л а с ы н да конституциялық заңнаманың қалыптасуы белгілі бір идеялар мен қағидалар арқылы айқындала отырып, нақты тарихи кезеңдерді қамтиды. Халқымыздың ғасырлар бойғы асылда қасиетті арманы өзін-өзі еркін билеу принципімен қоса тәуелсіз дербес мемлекет құру болатын. Тәуелсіздік жолындағы күрестің ауыр салмағын кезінде халқымыз өз басынан кешіргендігін өмір тарихы сан мәрте куәгер болғандығына ешкімде күмәнданбаса керек.

Еліміздің өткен даму жолдарының сатыларында Ата заңымызды қабылдау кезеңдерін бірнеше кезеңдерге бөлуге болатындығы. Бірінші кезең, Кеңес дәуіріне дейінгі 1900–1917 жылдардағы ұлттық-демократиялық идеяларының Алаш конституциясының жобасына ұласуы. Екінші кезең, Кеңес дәуірі яғни 1920 жылдың аяғымен 1980 жылдардың аяғы болса. Үшінші кезең, Кеңес дәуірінің аяқталуы 1980 жылдардың аяғымен 1990 жылдар аралығы. Төртінші кезең, Кеңестік дәуірден кейінгі 1991–1995 жылдар.

Тәуелсіздік жағдайында, біздің еліміз екі Конституция қабылдағаны белгілі.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы қаңтардың 28-і елдің Негізгі заңы тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясын қабылдады. Конституция жобасы бүкілхалықтық талқылаудан өтті. Атқарылған бүкіл жұмысқа Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев төрағалық еткен Конституциялық комиссия басшылық етті. Конституцияның бар рухы, бөлімдері, тарауларының, баптарының көпшілігі отанымызда ұлтаралық жарасымдылықты сақтауға арналған. 1993 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясы тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы негізгі заң болды. Ол үлкен тарихи, саяси-құқықтық рөл атқарды және қайшылықты өтпелі кезеңде қабылданды. Сондықтан да әлі де көп мәселелер шешімін таба алмады. Конституциялық реформаның жаңа кезеңі басталды. Күн тәртібінде Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясын

қабылдау мәселесі қойылды.

1995 жылы 30 тамызда еліміз тәуелсіздік жағдайындағы өзінің екінші Конституциясын бүкілхалықтық референдум жолымен қабылданды.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, бұл Конституцияны қабылдау үшін 7121773 адам дауыс берген. Яғни, референдумға қатысқандардың 83,4 пайызы аталмыш Конституцияны қолдаған. Егер тіркелген азаматтардың 90,58 пайызы референдумға қатысқанын ескерер болсақ, Конституцияның жаппай қолдау тапқанына көзіміз жетеді.

Еліміздің конституциясын теориялық жағынан зерделесек оның құқықтық мемлекет құру идеясына, жалпы халықтық құндылықтар мен принциптерге сүйенетіндігі айқын.

Демократиялық және құқықтық қатынастар жолындағы құқықтық кедергілер толық жойылып, еліміздің өркеніет жолына түсуіне кең жол ашылды. Қазақстан таза Президенттік республикаға айналды, қос палатадан тұратын тұрақты парламент құрылды. Үкіметтің рөлі артты. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтары нығайды. Ата заңымыздың қабылдануы, экономикаға басшылық жасаудың жүйесін қалыптастыру, әлеуметтік және ұлттық саясаттың негізгі бағыт бағдарын белгілеп беру, тұрақтылықтың сақталып отыруы Қазақстан мемлекеттілігін қалыптастырудың сын сағатынан сүрінбей өтті деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Конституция бойынша жер мен оның қойнауының байлықтары, сулары мен әуе кеңістігі, жан-жануарлары мен өсімдіктері, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуеті, сондай-ақ табиғи ресурстары күллі халқымыздың қол сұғылмас байлығы болып табылады. Конституция барлық азаматтар мен ұйымдардың, мемлекеттік органдардың күнделікті өмірінде арқа сүйер сүйініші, сенімді әрі ерекше қастерлі бағдар айқындаушы бастауына айналды.

Тәуелсіз еліміздің Конституциясы ел азаттығының айғағы, егемендігіміздің тірегі, бірлігінің қайнар бастауы, әрбір азаматтың мақтанышы.

Конституция бүкіл халық қабылдаған Ата Заң болғандықтан, оның қағидаларын міндетті түрде ақиқат өмір талаптарына сәйкес орындау мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың сондай-ақ барша азаматтардың бұлжымас борышы болып табылады.

Сондықтан да біздің заң алдында есеп беруіміз, бақылауында болуымыз керек. Мемлекет алдында, заңға ұюымыз шарт.

Аққали АХМЕТ,  
тарих ғылымдарының докторы,  
«Мәңгілік Ел» ғылыми-зерттеу орталығының директоры

## Конституция – құндылықтар қазынасы

**Ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып, өзін еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілікті сезіне отырып, өз егемендік құқықтарын негізге ала отырып қабылдаған Конституцияға 25 жыл толды.**

Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздің іргелі мемлекеттік-құқықтық акті болып табылады. Ол адамның және азаматтың кең ауқымды әмбебап құқықтарына, еркін сайлау өткізуге, мемлекеттік биліктің біртұтастығы және биліктің үш тармаққа бөлінуі принципінің жүзеге асырылуына, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесінің қызмет істеуіне кепілдік береді.

Қазақстанда, конституциялық идеялар көрініс тапқан Қасым ханның – қасқа жолы, Есім ханның – ескі жолы, Тәуке ханның «Жеті Жарғысымен» тарихи сабақтаса келе, тұңғыш рет Конституция 1924 жылы, одан кейінгілері 1937, 1978, 1993 жылдары және қазіргі мәңгілік еліміздің алтын діңгегі Конституциямыз 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданды.


Конституция – жай ғана құқықтық акт емес, оның кіріспесі мен баптарында ұлттық қоғам мен мемлекет өмірінің басты рухани діңгектері айқындалған. Конституция – мемлекетіміздің іргесін нығайтудағы қарышты қадамдардың қалыптасуы мен жаңа жүйенің орнығуына, саясат сахнасында Қазақстан Республикасының қанат жаюы жолындағы бірден-бір бастаушы заң, серпінді сенім, әділет жолын көрсетер мемлекетіміздің айшықты құжаты. Қоғамдық және мемлекеттік құрылыс негіздері, мемлекеттік органдар жүйесі, олардың түзілу реттілігі мен қызметі, азаматтардың құқықтары мен міндеттері осы құжатта айқындалады.

Конституцияның 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген. Бұл ұғымға айырықша мән берген жөн. Мемлекеттің ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылып, «Мәңгілік Қазақстанға» апаратын жол да, елді ұзақ мерзімді дамуына бағыттайтын да осы конституциялық бап. Қазақстанда демократиялық, құқықтық мемлекетті қалыптастыру процесі әлеуметтік, экономикалық, саяси, заң және өзге де кепілдік жүйелерін құру арқылы конституциялық қағидалардың заң мен сот алдындағы теңбе-теңдігін, мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігін қамтамасыз ету керектігін білдіреді. Демократиялық құқықтық мемлекет құрудың алғышарты – халық мәдениетінің жоғары болуы екені мәлім. Халық мәдениетінің анағұрлым жоғары деңгейі білім жүйесі мен тәрбие, әлеуметтік-тұрмыстық және медициналық қамту, ғылым мен өнер, көркем шығармашылықты дамытумен байланысты.

Қазақстан Республикасында ең жоғары құндылық – адам, оның өмірі, құқығы мен еркіндігі. Бұл мемлекеттің негізгі

Заңында адам құқығы мен еркіндігін жариялаумен бірге, экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени жағдай жасау деген сөз. Мұнымен бейбітшілік пен тұрақтылық, барлық халықтың игілігіне экономикалық даму секілді басты конституциялық қағидаттар қамтамасыз етіледі.

Конституция адам құқығы толық ескерілмеген, қорғалмаған декларациялардан бас тартты. «Адам және адамзат» деген 2- бөлімінде көрсетілгендей, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарды толық қолдана алады. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды. Соны-



мен бірге, Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Ата Заңның негізгі маңызын айтатын болсақ, дамыған демократиялық мемлекеттерде бірде-бір адам өзінің құқығы мен бостандығын Ата Заңсыз елестете алмайды. Басқаша айтқанда, олар күнделікті өмірде өздерінің құқығы мен заңдарын қорғау үшін Конституцияда бекітілген заңнамаларға жүгінеді. Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық

тәсілдермен қорғауға, өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына, білікті заң көмегін алуға құқығы (13 бап), өмір сүруге құқығы (15 бап), жеке басының бостандығына құқығы (16 бап), жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы, өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы (18 бап), әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақы. ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы (19 бап), еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы (20 бап), Қазақстан Республикасы аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы, Республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар (21 бап), ар-ождан бостандығына құқығы (22 бап), Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар (23 бап), Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы, тынығу құқығы (24 бап), кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы (26 бап), денсаулығын сақтауға құқығы (29 бап), азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы (30 бап), тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы (33 бап) сияқты адамның құқықтық мәртебесіне қатысты халықаралық – құқықтық мәртебесіне қатысты барлық ережелерін бекіткен. Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. Конституцияның 34-бабында: «Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауды, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абырой мен ар-намысын құрметтеуге міндетті» деп көрсеткен. Жыл сайын Конституция күні ерекше мереке ретінде кең көлемде атап өтіледі. Біз осылайша ұлы заңымызды ұлықтап, қадір-қасиетіне мән беріп, бәрінен де биік, бәрінен де қымбат асыл дүниеміздей ардақ тұтамыз. Қазақ елі Конституциямыздың берген басымдықтары аясында тәуелсіз мемлекет ретінде дамуымыздың даңғылы болар озық реформаларымен күллі әлемді мойындата берері сөзсіз.

**Үздік ИДРЕСОВА,  
Азаматтық – құқықтық  
пәндер кафедрасының меңгерушісі,  
тарих ғылымдарының кандидаты**

## ФРАНЦУЗСКАЯ МОДЕЛЬ КОНСТИТУЦИОННОГО ОПЫТА ДЛЯ КАЗАХСТАН

**Установление президентской системы правления в Казахстане – это результат заимствования зарубежного политического и государственно-правового института, функционирующего на сегодняшний день в более чем 63 странах мира.**

Как известно, в общественных науках общепринято выделять две модели президентского правления – американскую и французскую. При формировании президентского правления в Казахстане, как и во многих государствах СНГ, был взят за основу опыт французской модели. В настоящий момент, структура органов государственной власти по большинству параметров аналогична французской Пятой республике с ярко выраженным арбитражным статусом Президента, когда он возвышается над ветвями власти.

Конституция Французской Республики 1958 г. и в самом деле дала Франции долговременный и приемлемый для всех государственный строй. Эта Конституция явилась результатом влияния на конституционные принципы страны голлизма – одного из направлений французской политической мысли, которое в послевоенный период оформилось в политическое движение, получившее свое название по имени основателя Шарля де Голля. Государственная доктрина голлизма состоит из доктрины независимости, теории участия и конституционной доктрины.

Конституционный опыт Франции оказывал и оказывает существенное влияние на конституционное развитие многих государств мира. Знаменитая Французская Декларация прав человека и гражданина 1789 г. не только положила начало конституционной истории Франции, но во многом определила развитие и состояние института прав человека в мире.

Во Франции, в отличие от других стран, за последние двести с лишним лет было принято шестнадцать конституций, были опробованы различные политические режимы. И, тем не менее, для Казахстана, ближе французский конституционный опыт Пятой республики. Конечно, опыт каждой конкретной страны уникален, но его следует учитывать в процессе формирования политической системы нашей страны. Как отмечал Первый Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев «важно глубоко осмыслить ситуацию, проанализировать наше развитие с точки зрения мирового опыта и сравнить степень реализации наших реформ и формирования новых институтов с лучшим мировым опытом».

Институт Президента Франции также претерпел значительную эволюцию за свою более чем вековую историю – от декоративного статуса президента II Республики в 1848 г. и зависимость от парламента в III и IV Республиках (1875 и 1946 гг.) до властного и наделенного широкими конституционными полномочиями Президента в V Республике. На сегодняшний день французская модель института Президента является ярким примером функционирования президентской власти и ее отношений с другими ветвями государственной власти. Поэтому многие из элементов конструкции французской



политической системы были рассмотрены и интегрированы в политическую систему Казахстана.

Институт Президента во Франции возник после революции 1848 г. и последовавшего за ней свержения режима Июльской монархии и ее короля Луи Филиппа. Был установлен режим II Республики (принято считать, что I Республика была установлена в 1789 г. после Великой Французской Революции), а первым Президентом Франции был избран племянник императора Наполеона Бонапарта Луи Бонапарт. Необходимо отметить, что в середине XIX века институт президента не был широко распространен в мире, где доминировали монархические режимы, поэтому содержание поста Президента Франции сводилось к декоративным и церемониальным полномочиям.

Правовому положению Президента посвящается 2-я глава Конституции, с которой начинается изложение вопроса о государственных органах (в Конституции Франции 1946 г., как и в Конституции Казахстана 1993 г. сначала говорилось о Парламенте).

Президент Республики, согласно ст. 5 Конституции, является гарантом национальной независимости, целостности территории, соблюдения международных договоров и соглашений Сообщества. Он следит за соблюдением Конституции и обеспечивает своим арбитражем «нормальное функционирование публичных властей и преемственность государства». Президент считается верховным арбитром во всех проблемах, с которыми сталкивается правительство. Он не несет политической ответственности за свои действия и никем не контролируется.

Президент имеет право вынесения на общенациональный референдум вопроса об организации государственных властей или ратификации какого-либо международного соглашения. В случае одобрения на референдуме Президент промульгирует этот законопроект, который становится законом, минуя Парламент.

После консультаций с премьер-министром и председателями обеих палат Парламента (их мнение не обязательно принимается во внимание) Президент может распустить Национальное Собрание. Единственным ограничением является запрет роспуска Национального Собрания в течение года после парламентских выборов.

Несмотря на относительно короткий период своего существования, институт Президента Казахстана претерпел в течение нескольких лет значительную эволюцию – от несовершенно и размытого статуса Президента Казахской ССР до оптимизированного и оформленного статуса Президента по

Конституции 1995 г.

Принятие Конституции 1995 г. во многом изменило баланс политических институтов в сторону расширения полномочий Президента Казахстана и изменения самой концепции президентской власти. При создании Конституции Казахстана 1995 г. учитывались как недостатки Конституции 1993 г., так и международная конституционно-правовая практика, в том числе и французская.

Институт Президента в Казахстане имеет свою предысторию. Вопрос об учреждении института Президента в Казахстане возник вследствие специфики федеративных отношений в СССР и создания поста Президента.

В Казахстане, где еще не сформировалась система политических партий, средства массовой информации не столь влиятельны, а политические традиции демократии пока еще не сложились ввиду короткого срока существования страны на политической карте, широкие конституционные полномочия Президента становятся практически безграничными. Отсутствие ограничений в виде парламента, политических партий и независимой прессы может привести и приводит к возникновению авторитарных тенденций в характере института Президента.

Итак, можно сказать, что в процессе конституционного строительства в Казахстане и при подготовке Конституции 1995 г. из французской модели государственного механизма была заимствована сильная президентская власть. Однако залогом успешного функционирования института президента во Франции является то, что, широкие полномочия Президента сбалансированы наличием сильных политических партий, независимых СМИ и судебной системы. Элементы, способные ограничить власть Президента, в Казахстане не были созданы, что привело к известному дисбалансу сил в пользу Президента.

Естественно, что к решению столь сложной проблемы необходимо подходить взвешенно и осторожно. На наш взгляд, одним из путей выправления сложившейся ситуации могла быть дальнейшая политическая либерализация в Казахстане, возможно, путем некоторых институциональных реформ, предусматривающих усиление роли политических партий, местного самоуправления и появление большего числа независимых масс-медиа. Вопрос, таким образом, не в плоскости сокращения полномочий Президента, а в плоскости расширения и усиления политических партий, парламента, СМИ и судебной системы, которые смогли бы обеспечить развитие Казахстана по демократическому пути.

Франция, следуя логике своего политического развития, заложила в основу партийно-политической системы демократические принципы и в условиях новой геополитической конфигурации эти принципы могут быть использованы в качестве общих норм и категории для новой модели Европейского Союза.

**С. САПАНОВ,**  
доктор исторических наук,  
директор НИЦ «История,  
археология и этнография  
Атырауского края им. Х. Б. Табылдиева»

# Мен конституцияны жатқа білемін!



**Зайтунай Уахитова, Құқықтану мамандығының 2019 жылғы түлегі, 2016 жылғы байқау жеңімпазы:**

Құрметті қазақстандықтар! Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Жылдан жылға біздің басты құндылықтарымыз – тәуелсіздігіміз, келісім мен бірлігіміз нығая берсін! Еліміздің Ата Заңы жаңа Қазақстан жетістіктерінің берік кепіліне айналды. Тиімді құқықтық жүйені орнықтыру арқылы біз экономикалық өсімге және қоғамның әл-ауқатының артуына қол жеткізіп, елімізде тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді қалыптастырдық. Ата Заңның қағидаттары мен нормаларын ұстану, конституциялық құндылықтарды қорғау – әрбір азаматтың құрметті парызы және қасиетті міндеті. Конституциямыздың мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, сондай ақ, жеке өзіміз, отбасымыз бен балаларымыз үшін маңыздылығын жете бағалауымыз қажет. Сондықтан әрбір азамат конституциялық құқықтарын біліп, сол заңдарды ұстануы керек. Барша қазақстандықтарға игілік пен бақ-береке тілеймін! Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы нығайып, дами берсін!



**Нұрдаулет Бағытжан, Құқықтану мамандығының 4 курс студенті, 2018 жылғы байқау жеңімпазы:**

Мен Бағытжан Нұрдаулет Серікұлы 2018 жылы өткізілген «Мен Конституцияны жатқа білемін» сайысының жеңімпазымын.

Осыған орай сіздерді келе жатқан Конституция күнімен құттықтаймын.

Қоғамның өркендеуіне үлесін қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы. Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді. Жылдан-жылға біздің басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздігіміз, ынтымақ пен бірлігіміз нығая берсін. Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!



**Галиева Гульнур, студентка 3-го курса специальности «Юриспруденция», победительница 2015 и 2018 года:**

В 2015 году я закончила 9 классов в Малой академии искусств и решила поступить на юриста в Прикаспийский современный колледж. Тогда мне стало известно о том, что проводится конкурс «Я знаю Конституцию наизусть», в числе призов которого был грант на обучение в ПСК. В то время я не знала, сколько статей в Конституции, какие правоотношения она регулирует, однако решила проверить свои навыки запоминания, и мне удалось за один месяц выучить наизусть главный закон нашей страны. В 2015 году я выиграла грант на обучение в ПСК. В 2018 году я закончила колледж с красным дипломом и поступила в АГУ на юриста. В том же году повторно приняла участие в конкурсе и выиграла грант на обучение в данном университете. Я очень рада, что в нашем городе организуются такие мероприятия, которые помогают пробудить у граждан интерес к законам нашей страны, и считаю, что такой метод очень эффективен. Знание Конституции мне очень помогает в моей работе, а конкурс позволил осознать, что нет ничего невозможного и при большом желании можно достичь поставленных целей. Благодарна всем организаторам конкурса и в преддверии замечательного праздника – Дня Конституции хочу поздравить всех и пожелать счастья,

здоровья и благополучия. Пусть над нами всегда будет мирное небо и яркое солнце!



**Мейірбек Сембек, 2018 жылғы Құқықтану мамандығының түлегі, 2017 жылдың жүлдегері, 2018 жылғы байқау жеңімпазы:**

Білім грантын ала алмай жүрген құқықтану мамандығының студенттеріне үлкен мүмдіктердің бірі осы сайыс деп ойлаймын. Бұл сайыстың біздің өскелең ұрпаққа берері мол. Бір жағынан ата заңның рөлін айқындаса, екінші жағынан ұлттық рухты көтеретін бірден-бір конкурс. Қатысып жатқан студенттерге сәттілік, зайырлы қоғамның саналы ұрпақтары болуларыңызға тілектеспін.



**Ляззат Қалмырза, «Экономика және мемлекеттік басқару» мамандығының 2 курс студенті, 2020 жылғы байқау жеңімпазы:**

ҚР Конституциясының 25 жылдығына орай ұйымдастырылған «Мен конституцияны жатқа білемін» байқауының жеңімпазы атанып, университет ректоры тағайындаған білім грантының иегері болдым. Бас жүлде иеленгеніме өте қуаныштымын. Болашақта да талай белестерді бағындырамын деп үміттенемін. Ұйымдастырушылар мен университет ұжымына шексіз алғысымды білдіремін. Білімге ұмтылған жастарға үлкен мүмкіндіктер сыйлайтын Х.Досмұхамедов атындағы университеттің студенті болу – мен үшін зор мақтаныш.

## ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗЫНА БІЛІМ ГРАНТЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



АХҚО Бюросы Astana International Campus алаңында ІЕО-2020 мектеп оқушылары арасында экономика бойынша Халықаралық олимпиада өтті.



Оған әр елден, атап айтсақ Австрия, Бразилия, Қытай, Қазақстан, Үндістан, Испания, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея, АҚШ және т.б елдердің жоғары сынып оқушылары қатысты.

Экономика бойынша халықаралық олимпиада үш кезеңнен тұрады – қаржылық сауаттылық, экономика және бизнес-кейстерді шешу.

Серіктес ретінде жеңімпаздарға еліміздің жетекші ЖОО, олар, Сулейман Демирель атындағы университет, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Алматы менеджмент университеті, Қазақ қыздар ұлттық педагогикалық университеті өз тарапынан жеңімпаз-қатысушыларға білім грантын бөлді.

Атырау қаласынан атаулы олимпиадаға қатысып, жеңімпаз атанған Атырау қыздар лицейінің 10 сынып оқушысы – Даирова Мадина Арыстанқызы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры С.Н.Идрисовтың қолдауымен қаржы және экономика бағыты бойынша білім гранты тағайындалды.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Экономика және құқық факультеті университет құрамындағы ең ірі факультет болып табылады.

Экономика және құқық факультеті қызметінің стратегиялық бағыты – Қазақстан Республикасы экономикасы және құқық саласында жұмыс жасауы үшін бәсекеге қабілеттілік артықшылығына ие жоғары білікті, құзіретті мамандарды дайындаудың сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Университет ұжымы Даирова Мадина Арыстанқызына білімге деген құштарлығыңыз бен ғылымға деген сүйіспеншілігің одан сайын арттырып, елімізді одан әрі дамыту жолында үлкен жетістіктер тілейді.

Өз тілшімізден

## ЖАСТАР ҚАЛАУЫ - ЖАСЫЛ ЕЛ



**Бекарыс Сағынбай,  
Бастапқы әскери дайындық  
мамандығының 3 курс студенті**

Жыл сайын ұйымдастырылатын «Жасыл ел» биыл да карантинге қарамастан өз жұмысына кірісті. Аталмыш бағдарлама он бес жыл ішінде көптеген жастың Отанға деген сүйіспеншілігін оятып, елімізді жасыл желекке айналдыруда. Уақыт өткен сайын жалпыұлттық бастамаға үн қатып, қолдау білдіруші студенттердің, жастардың қатары артып келеді. Соның қатарында Х.Досмұхамедов Атырау университетінің студенттері де өз үлесін қосуда. Осындай жобаға қатысқанымға қатты қуаныштымын. Себебі, туған еліме пайдамды тигізумен қатар, көңілді достар таптым.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – жастардың күшімен елімізді көгалдандыру, елді-мекен айналасын жасыл ағаштармен көмкеру, көркейту, сонымен қатар жастардың Отанға, жерге, табиғатқа деген махаббатын, патриоттық сезімін ояту. Ең бастысы, жылына қаншама жастарды осы іске тарта отырып, олардың арасындағы жұмыссыздықты төмендету. «Жасыл ел» бағдарламасы жақсы бастама ретінде бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан емес. Көптеген студенттер бос уақытын тиімді өткізе отырып еліне қызмет етіп жүр.

«Жасыл ел» бағдарламасын қолдай отыра,

пайдалана отырып, өз туған жеріміздің табиғатын өркендету жолында үлесімізді қосайық.

\*\*\*

**Рысгүл Қазбекқызы,  
Математика және физика  
мамандығының 2 курс студенті**

Адал еңбек, жаңа орта, жаңа достар, тиімді уақыт, табиғатты аялау, адал табыс. Осындай құндылықтарға «Жасыл ел» еңбек жасағында еңбек ету арқылы қол жеткізуге болады.

Өмірдегі үлкен жеңістер, кішкентай нәрселерден басталады. Кімде-кім жетістік тұғырынан көрінсе, ол-үздіксіз еңбегінің арқасы.

Мен жазғы демалысымда «Жасыл ел»-де жұмыс істедім. Басында «Күн ыстықта далада жұмыс жасау қолымнан келе ме?»-деген ойлар келген, бірақ, жұмысқа кіріскеннен соң, мойымай жалғастыруды жөн көрдім.

«Жасыл ел» бізді еңбекке баулыды. Еңбек ету- үлкен жетістіктердің бастауы. Еттің дәмін алған адамның етсіз тамақ жегісі келмейтіні сияқты, жетістіктің дәмін татқан адам да, жетістіксіз жүре алмайтын болады.

Қаламыздың гүлденуіне үлесімізді қосу-әрбір адамның борышы. Табиғатқа пайдамызды тигізіп, зиянымызды тигізбейік.



## УНИВЕРСИТЕТ ГРАНТЫНА ИЕ БОЛДЫ



Мектеп табалдырығында жүргенде Kazmessage «қазақша ватсап» қосымшасын ойлап тапқан атыраулық Эльдар Құрмашев жақында жақсы жаңалығымен бөлісті. Ол жарты жыл ішінде талай мемлекеттік маңызы бар бастамалардың басында жүріп, ірі жобаларға ат салысып жүр екен. Жас дарынның құлшынысын байқаған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры Саламат Идрисов университет атынан білім грантын табыстаған болатын.

Эльдар өзінің алғашқы табысты қосымшасын іске қосқалы көптің көзіне түсіп, танымалдылығы артып кеткен. Қазірде Мемлекеттік рәміздерді насихаттау жөніндегі Ұлттық орталықта қызметкер. Ол бүкіл республиканың мектеп пен колледж педагогтарына «Мемлекеттік рәміздерді ұлттық стандартқа сай қолдану» тақырыбы аясында онлайн форматта әдістемелік семинар өткізіп келеді. Бұл негізгі жұмысының бір бөлігі ғана. Одан басқа, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жанынан құрылған «Самға» академиясында веб сайт құрастырушы болып қызмет атқарады.

Карантин кезінде бос уақытын сәтті пайдаланып, Абайдың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған байқауға бейне ролик ұсынып, үздік орындаушылар қатарынан көрінген. Дарынды жастардың табысы мен таңғажайып жетістіктерін баяндайтын республикалық «Озаттар энциклопедиясына» енді. Өнертапқыш атанған Эльдар Атырау облысының әкімі Махамбет Жолдасқалиұлының қабылдауында болды.

Жас та болса ұшқыр қиялы мен қуатын туған елінің шарықтап дамуы үшін сарп етуді мақсат еткен жас дарынның талпынысын байқаған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры Саламат Идрисов ректорлық грант тағайындады.

Университет ректоры Саламат Идрисов ерекше дарынды жастарға қашанда қолдау білдіріп келеді.

Университетте алаңсыз білім алып, арманына қол жеткізуді көздеген Эльдар үшін бұл үлкен сый. Жуырда жас таланттың «Ин видео» атты сайты жарыққа шықпақ.

Өз тілшімізден

## МАҚСАТЫМ АЙҚЫН –

### Сапалы білім - болашағымның кепілі

Мектепті аяқтап, қандай оқу орнына қадам басам деп қобалжу - жас түлектің көкейіндегі мәселе.

«Қандай оқуға түсемін?» және «Жоғары оқу орнын қалай таңдаймын?» деген сұрақтар мазалайтыны рас.

Мен Ибрагим Сабина Нұрлыбекқызы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне түскім келеді.

Оған себеп болған жағдай мектеп қабырғасында оқып жүргенімде университетке келгенім еді.

Аталмыш университеттің ғимараттары, коворкинг залдары, аудиториялары маған қатты ұнады.

Сапалы білім беріп, мықты мамандар даярлайтын оқу орнының студенті атануға барымды саламын.

Мақсатымыз айқын болса, барлық жетістіктерге жетуге болатынына сенімдімін.



### Арманым - үздік заңгер атану



Мен, Мұратова Марта, №38 мектеп лицейінің 2020 жылғы жас түлегімін. Мектеп жасынан заңгер болуға құлшынысым оянып, қызығушылығым артты. Шығармашылық жұмыстарды атқарып, көптеген Республикалық, облыстық додаларға қатыстым. Пікірталастарға өзімді заң саласына бағыттап, қатысамын.

«Арман деген ақ қанат, жүзесің де кетесің» дегендей, өңіріміздегі үздік оқу орны Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне оқуға түскім келеді. Үздік жоғары оқу орнында білім алу - кез келген мектеп бітірушінің арманы.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» дейді. Осы университеттің табалдырығын аттап, ғылым-білім және қоғамдық жұмыстарға белсенді араласқым келеді. Студенттік өмір - қызығы мен қиындығы қатар жүретін кезеңдерден тұрады-мыс. Ал мен сол жылдарда өз мақсатымды айқындап, үлкен жоспарларды жүзеге асыруды армандаймын. Арманыма жету үшін білімімді жетілдіріп, қолымнан келгенше еңбектенемін.

Тәуелсіз елдің жарқын болашағы біздің еншімізде!

### Әлемдегі үздік дизайнерлердің алды болғым келеді

Мен, Бақтығалиева Диляра, «Кіші өнер» академиясының 2020 жылғы жас түлегімін.

Мектеп қабырғасында жүріп-ақ, дизайнерлік қабілетімді шыңдағанды жөн көрдім. Ал, бұл мақсатыма жету үшін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетімен бірге қол жеткізе аламын деген сенімдемін.

Болашақ университет студенті ретінде, дизайнер мамандығын таңдадым. Өз таңдауыма сенемін.



# БОЛАШАҒЫМ ЖАРҚЫН

## Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық

Мен, Маратова Раушан Серікқызы, «Абай атындағы жалпы орта мектебінің» 2020 жылғы түлегімін. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ, «қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін сүйіп оқитынмын, «әдебиетші» болуға қатты қызығатынмын. Өзім «қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен облыстық, республикалық олимпиадалардың жүлдегерімін. Бала күнімнен кітаптарды ақтарып, мұғалім болуды армандайтынмын. Мектептегі ұстаздарға қарап, бой түзейтінмін. Міне, сол арманымның орындалуына да аз қалыпты.

Неге ұстаз болуды таңдадым?

Өйткені, ұстаз – Қаратаудың қойнауындай тереңде жатқан кеңді ашып, білім мен ғылымның жемісінің дәмін таттыратын, армансызға арман ұялатып, қанатсызға дарын қанатын бітіретін ғажайып күш иесі. Сондықтан, мен болашақта өз мамандығымды мақтан тұтамын. Өз таңдауымдағы мамандықты меңгеріп, білікті маман атану үшін мен талай түлектің арманына айналған, көп жылдық тарихы бар, Атырау облысындағы ең үздік университет – Х.Досмұхамедов атындағы университетті таңдадым.



## Болашағым өз қолымда



Мен, Сағындықова Бибізада, Амангелді атындағы орта мектепті 2020 жылғы жас түлегімін. Мектеп қабырғасын үздікпен бітіріп, Ұлттық бірыңғай тестінен 117 балл жинадым. Таңдап отырған мамандығым «Химия-Биология».

Мамандық таңдауда маған жол көрсеткен ұстаздарыма алғысым шексіз.

Жоғарғы оқу орындары арасынан алдағы өз оқу жолымды Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде жалғастырмақ ойым бар.

Арманымға бір қадам жақындай түскендеймін.

## Армандар орындалады



Мен, Қалиев Нұрсұлтан Алпамысұлы, Еркінқала орта мектебінің түлегімін.

Қаратэ-до спортынан ҚР спорт шеберімін. Иран, Қырғыз, Ресей және т.б. елдерде өткен халықаралық біріншіліктердің жүлдегерімін.

Алғаш 9 жасымда «Қайсар» спорт клубының есігін ашқанда қазақ еліне танымал спорт майталмандары Рахман Айбат, Избасханов Болат, Торғаев Сансызбай атты жаттықтырушы ағаларымыздың үздіксіз еңбек, қатал талаптарының арқасында көптеген жетістіктерге жеттім, спорт менің өмірімнің елеулі бөлігіне айналды.

Көптеген елдерде жеңіс тұғырын көрсетіп Қазақ елінің көк байрағын желбіретіп, елімнің абыройын асқақтаттым.

Мен бүгінгі күні талай саңлақтарға білім берген, 70 жыл тарихы бар оқу ордамыз Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Дене шынықтыру және спорт мамандығын таңдап отырмын, ондағы мақсатым – осы оқу орнына түсіп, Батырғали Әбілмансұр, Жаңбыр Бейбарыс ағаларым сияқты университетіміздің мәртебесін көрсетіп, әлі талай биік шыңдарға жетсем екен деген тілегім бар.

## Математика ғылымын меңгеруді армандаймын

Мен, Гусарова Ару Саламатқызы, С.Шарипов атындағы мектеп-интернатының 2020 жылғы түлегімін. Алтын белгі иегерімін. Ұлттық бірыңғай тестілеуде 107 балл жинаған болатынмын.

Мамандық таңдау барысы мен үшін қиындық тудырмады. Себебі «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» демекші, өзімнің бала кезден келе жатқан арманым ұстаздық ету болатын. Сондықтан мен, еш ойланбастан Математика мамандығының педагогикалық бағытына түсуді жоспарлап отырмын. Жоғарғы оқу орындарын зерделей отыра, математикалық бағыттағы жетістіктерін қарастыра, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетін таңдап отырмын. Болашақта Асқар Жұмаділдә секілді қазақстандық математиктердің алды болуды армандаймын.



## Өз таңдауыма сенемін



Мен, Бағытжан Арайлым, Атырау облыстық дарынды балаларға арналған ұлттық гимназияның түлегімін. Үздік аттестат иегерімін. 2020 жылы болған Ұлттық Бірыңғай Тестілеуде бейіндік дүние жүзі тарихы және география пәндерін қоса есептегенде 119 балл алған болатынмын. Үлкен қадам басқалы отырғандықтан, алдағы мақсатымды айқындау барысында болашақ мамандығымды тарих саласынан қарастырып отырмын. Өзім мектеп қабырғасынан тарихқа деген қызығушылығымның жоғары екенін байқап, мамандығымды да осы бағытта таңдағанды жөн көрдім. Алдағы уақытта Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенті атануды жоспарлап отырмын.

# ОСЕННИЙ СЕМЕСТР

## университет будет проводить в дистанционном формате обучения

Доступ в университет в период осеннего семестра будет ограничен строгим соблюдением санитарно-гигиенических норм и жесткими требованиями.

Занятия подразделяются на лекционные, практические и лабораторные работы, дистанционный формат подразумевает обучение как в режиме реального времени с преподавателями, так и самостоятельное изучение предоставленного материала.

Фактически преподавание ведется по расписанию очного обучения, но в виртуальных классах, со значительно большим количеством технических средств у преподавателей и комфортными условиями для занятий у студентов.

Вместе с внутренней платформой студенты могут пользоваться альтернативными IT-инструментами, обеспечивающими эффект присутствия на лекциях и online коммуникацию для всех участников учебного процесса, — Microsoft Teams, Skype, Zoom и др.

Внутренняя платформа — Platonus, на которой размещены учебные материалы по программам университета. Система обеспечивает удобное общение с преподавателем. В рамках сервиса Platonus обучающийся получает доступ к лекциям и другим теоретическим материалам — тестам и домашним заданиям. При необходимости всегда есть возможность связаться с преподавателем и задать вопросы по

пройденному материалу.

Расписание занятий для студентов и преподавателей на Platonus создается автоматически. Студенты имеют логины и пароли.

В осеннем семестре в университете, мы собираемся также использовать платформу Microsoft 365.

Microsoft 365 — это всемирно признанная современная платформа дистанционного обучения, позволяющая студентам просматривать в любое время видео записи всех лекций преподавателя, читать все учебные материалы на ноутбуке, телефоне или планшете, выполнять домашние задания, контрольные прямо в системе, общаться с преподавателем внутри системы. Решения можно прикреплять в виде фотографий своих решений через телефон, или набирать свои решения прямо в системе.

В университете был внедрен комплекс «HeRo». Один из его модулей HeRo Study Space — автоматизированная информационная система управления учебным процессом со встроенной системой проведения дополнительного образования LMS.

Занятия в осеннем семестре для студентов 2–4 курсов начнутся с 1 сентября 2020 года.

Занятия проводятся по утвержденному расписанию в две смены.

Проведение лекций в онлайн режиме составит 20 минут, про-

должительность практических/семинарских/лабораторных/студийных занятий составит 40 минут.

Обучение в формате полного дистанционного обучения будет осуществлен по следующим направлениям подготовки:

- Педагогические науки;
- Гуманитарные науки;
- Языки и литература;
- Социальные науки, журналистика и информация;
- Бизнес, управление и право;
- Информационно-коммуникационные технологии;
- Услуги.

Для образовательных программ следующих направлений подготовки:

- Искусство (Дизайн, Народное пение, народные инструменты, Вокальное искусство);
- Естественные науки, математика и статистика;
- Инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли (Химическая технология углеводородов, Стандартизация и сертификация);
- Сельское хозяйство и биоресурсы;

предложен формат дистанционного обучения с возможностью частичного обучения на территории университета, т.е. проведение лабораторных и студийных занятий в специализированных учебных лабораториях, мастерских с соблюдением всех норм СЭР (обеспечение социальной дистанции, дезинфицирующая обработка оборудования между занятиями).

Все виды профессиональных практик предусмотренных в осеннем семестре перенесены на более поздние сроки (кроме 4 курса — Педагогические науки).

Университет предлагает студентам отдельные дисциплины изучать через онлайн-курсы, разработанные ведущими университетами. Т.е. каждый преподаватель предлагает студенту список онлайн-курсов по предмету, которые должны быть освоены и предоставляет студентам алгоритм подключения к платформе (например, курсы Coursera, Edx, национальная платформа открытого образования и другие).

При этом онлайн-курс обязательно будет сопровождаться практическими/семинарскими занятиями и самостоятельной домашней работой в дистанционной форме, проводимой преподавателем.

При переходе на полный формат дистанционного обучения в университете функционируют:

- виртуальный (онлайн) Офиса регистратора
- виртуальный Деканат
- виртуальный Ректората
- на каждом факультете закреплены Цифровые офицеры, цифровые волонтеры.

Обратная связь между участниками образовательного процесса обеспечивается путем телефонных консультаций, мессенджеров, социальных сетей, работы Call-центра и т.д.

**Жанар СУЛЕЙМЕНОВА,**

## БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ

Қыркүйек айының майда шуағымен ілесе білім күні де келді. Бұл күнді әрбір мектеп оқушысы, университет пен колледж, лицей студенттері асыға, сағына күтетіні анық. Өз кезегінде күн сәулесіне шомылған кластар мен аудиториялар да оларды құшақ жая қарсы алады.

Жыл сайын қайталанар осы бір ғажап сәттер тек биыл ғана басқаша сипат алып тұр. Өйткені, елімізді және бүкіл әлемді жайлап алған тәж-тажал дертіне байланысты жылдағы оқу үрдісіне көп өзгерістер еніп отыр. Осыған орай барлық білім ордалары бойынша шектеу шаралары да енгізілгені мәлім.

Біздің Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті де осы тәртіп шеңберінде жұмыс жасауда. Студенттер онлайн режимінде оқитын бо-

лады. Елдегі қиын жағдайға қарамастан биылғы оқу жылында да мыңдаған талапкерлер өздерінің қалаған мамандықтары бойынша бақ сынап, оқу орнының табалдырығын аттамақ. Солардың ішінде біздің «Университет» газетінің жұмысына белсене қатысар деп үміт етіп отырған журналистика және филология мамандығының да студенттері бар. Әрине, газетке автор болу тек қана оларға тиесілі емес, университетіміздегі кез-келген мамандықтың студенттері газетпен үнемі байланыс жасап, оқу ордасында болып жатқан жақсы жаңалықтармен бөлісіп тұра алады. Біздің редакцияның есігі әркім үшін де айқара ашық. Оқу орнында қандай жаңалықтар болып жатыр, қандай мәдени-рухани шаралар өтіп жатыр, осының бәрі біз үшін қызықты. Дегенмен ол

шаралардың онлайн режимінде өтетінін естен шығармайық. Әсіресе, студенттеріміз бен оқытушыларымыздың денсаулығы біз үшін аса маңызды.

Білім — әрбір жастың өмір жолындағы адастырмас шамшырағы. Өйткені, «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген мақалдың ешқашан маңызы жойылмақ емес. Кешегі алаш арыстарынан бастап бүгінгі ұлт жанашырларына дейін елді білімге үндеуі тегін бе сірә?.. Қазақтың біртуар ақыны Міржақып Дулатұлы атамыз: «Оян қазақ, кәнекей, көтер басты! Надандықпен өткіздің ғой талай жасты» деп ұрандады. Ал сөзден маржан сүзген аяулы ақын Мағжан Жұмабаев: «Мен жастарға сенемін!» деді. Сол сенімге ие болған жастар бүгінгі білім алып жатқан өскелең ұрпақ. Біз де сен-

дерге сенеміз. Осы университет қабырғасынан сапалы білім, саналы тәрбие алып, Қазақстанның жарқын болашағын жасауға үлес қосады, сол жолда тынбай еңбек етеді деген сеніміміз мол. Келешекте қандай маман иесі болсаң да алған біліміңді тәуелсіз еліңнің өсіп, өркендеуі жолында арнап жатсаң оның өзі бір мәртебе.

Кешегі Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген болатын. Сондықтан да қандай мамандық иесінің бойында да біліммен қатар адамгершілік асыл қасиеттер бірінші кезекте тұруы керек. Осы ұстаным сендерге әркез темірқазық секілді жол нұсқап тұрғай, жас дос!

**Фархат БАЛҒОЖИЕВ,**  
Журналистика  
кафедрасының оқытушысы

# СУРЕТШІ БОЛУ ҮШІН ЖАРАЛҒАН ЖАН



**– Камила Әбенқызы! «Өнерлі өрге жүзер» деген дана халқымызда жақсы сөз бар. Сіз саналы ғұмырыңызды өнер жолына арнаған жансыз. Сондықтан өзіңіздің өнерге деген қызығушылығыңыз алғаш қалай туындады? Сол бағытта айтып өтсеңіз.**

– Бейнелеу өнеріне мен бала кезден қызықтым. Өйткені, айналамдағы әдемі дүниелердің бәрін қағаз бетіне түсіруге асығып тұратынмын. Көбінесе табиғатпен тілдесу арқылы шығармашылық шабытымды шыңдаймын. Оның ішінде көктемгі көрініс пен күзгі табиғаттың әсері мен үшін ерекше туындылардың жарыққа шығуына септігін көбірек тигізді. Мектепте оқып жүрген кезімнен-ақ бала арманым мені бейнелеу өнеріне жетелей түсті. Мектеп бітіргеннен кейін де өнер мені қанаттандырып, осы салаға бетбұрыс жасадым. Әрине, үйдегілер бұл шешімді бірден құптамады. Ол кез педагогикалық, медициналық мамандықтың сұраныста тұрған шағы еді. Дегенмен, мақсатқа жетем деген ұмтылыс өзімді алға жетеледі. Бұл тың көзқарасымды қалыптастырған бала күнгі көрген фильмдерім болатын. Өмір өзі сан қызыққа толы ғой. Фильм желісінде суретші этюдникпен табиғаттың әсем жерлерін аралап, пейзаж салады. Осы көрініс жадымда сақталып қалды. Мен де сурет салсам деген бала арман жаныма шабыт сыйлады. Алайда, әп дегеннен діттегеніңе жету қиын. Жоғарғы оқу орнына түсерде емтиханның бір кезеңін ойдағыдай тапсыра алмай, ауылға оралдым. Бір күні анам газет оқып отырған. Сол газеттен «Шымкенттегі Ә.Қастеев педагогикалық училищесіне оқуға қабылдап жатыр» деген хабарландыруға көзім түсті. Сөйтіп, қалаға үлкен мақсатпен аттандым. Алдымен дайындық курстарында дәріс алдым. Үздік көрсеткіштерді көрсетіп, бірден 2 курс студенті атандым. Кейін жатақханаға орналастым, ұстаздар мен достарым маған жанаһыр болды. Университетте үздік оқығанның нәтижесінде Санкт Петербургтегі Мухоманск академиясына 5 жылдық оқу

бағдарламасына тегін жолдама берді. Батик текстилі бөлімінде дәріс алып, оны үздік бітіріп шықтым. Бүгінде осы жанрды әлемге паш етіп, өнер жолындағы үздік туындыларымды еліміздің сурет өнерін өркендетуге арнап жүрмін.

**– Бейнелеу өнері сан саланы қамтиды. Ал, сізді батик жанрында ерекше орны бар тұлға деп танимыз. Неліктен таңдауыңыз осы жанрға түсті?**

– Батик өнері туралы ақпарат өте аз. Шымкентте оқып жүргенімде корейлік ұстазымыздың дәрісі әсер еткен болуы керек, батик өнерінің туындыларын көрсетіп, маған біраз мәліметтер берді. Содан қызығушылығым оянып, 5 жылдай ізденісте жүрдім. Санкт Петербургке оқуға барғанда кездейсоқ батик өнеріне қатысты хабарландыру көрдім. Бірден сонда жол тартып, дипломым мен туындыларымды көрсетіп, нәтижесінде емтихансыз үш жылдық оқуға

қабылдандым. Батик өнері Қытай, Индонезия, Үндістан елінен бастау алады. Батик – жібек матаға арнайы бояулармен салынатын сурет. Әрбір деталь үшін ерекше көңіл бөлмесе, туынды әдемі шықпайды. Сондықтан мен мол тәжірибемнің арқасында өз қолтаңбамды қалыптастырып, қазақтың ұлттық нақыштарымен безендірілген қайталанбас дүниелер жасап шығардым. 2019 жылы Нью-Йорктегі әлемдік көрмеде өз туындыларымды таныстырған кезде олар ерекше құрметпен бағалап, маған «Азия елдерінде алғашқы батик өнерін дамытушы» деген атақ берді. Ал, Назарбаев зияткерлік мектебінің 7-8 сыныптарға арналған Еңбекке баулу оқулығында менің жұмыстарымды енгізіп, батик өнері туралы жалпы мағлұмат баяндалды. Болашақта да әдістемелік құрал ретінде бөлек жариялау жоспарымда бар.

**– Студенттердің сурет өнеріне деген белсенділігі мен қызығушылығы қазіргі таңда қандай деңгейде деп ойлайсыз?**

– Әрине, біздің кезіміздегі студенттердің ұмтылысы мен қазіргі таңдағы ізденімпаз студенттерді салыстыру мүмкін емес. Өзім оқыған топта 20 студенттің арасынан шығармашылық жолында жүрген мен екенмін. Дегенмен, университетімізде де талантты студенттер баршылық. Бірақ, қазіргі заман нарықтық кезеңмен өлшенетіндіктен, бәрі материалдық әлеуетке келіп тіреледі. Сондықтан бұл орайда жас жеткіншіктерге бағыт-бағдар көрсететін ұйым болу керек деп ойлаймын. Студенттерге стимул болу үшін, өнерлі жастарды Шабыт фестиваліне ұсыну керемет мүмкіндік. Осыдан екі жыл бұрын екі студентімді дайындап, марапатпен оралдық. Ал, қазір талап одан әрі күшейтілді. Бастысы, төзім мен ниет болуы керек. Ал өнер жолы үлкен шыдамдылық пен сабырлылықты қажет етеді.

**– Батикками – қазақи нақыштағы киімдер үлгілерінің топтамасы жөнінде тоқталып өтсеңіз?**

– Батикками мәдени қоры бүгіндері өз жұмысын бастап кетті. Ең алғаш осы ата-

умен өзім шағын арт-студия ашқан болатынмын. Оның мақсаты – отандық сапалы өнімдерді жасап шығарумен бірге қазақтың ұлттық нақыштағы әдемі өнерін дәріптеу. Атап айтқанда, ою-өрнекпен безендірілген алқа, тұмар, орамал, көйлектер арнайы тапсырыспен беташар орамалы жібек матаға басылып шығарылады. Наурыз айында Стокгольмде қазақ өнерін дәріптеу мақсатында көйлектерден сән үлгісі дефиле өтті. Шетелдіктер біздің ұлттық брендке жоғары баға берді. Отандық өнімді қолдау мақсатында жасалған жұмыстарым үшін Атамекеннен былтыр бірінші дәрежелі орынға ие болдым.

**– Суретші болу үшін ең алдымен не қажет деп ойлайсыз?**

– Біріншіден, жастың бойында талант болу керек. Қай жаста дамытсаң да, ол өз бойыңдағы қабілетті тани білуі керек. Екіншіден, жанның тазалығы. Бұл өте маңызды фактор. Себебі, өнерде бәсекелестік, көре алмаушылық кездеседі. Керісінше, біреуге жақсылықпен жасамасаң да, зияныңды тигізбеу керек. Үшіншіден, қолдау керек. Жас мамандарға продюсер болып, оларды бағыттап, тұлға болып қалыптасуға дейін көмек көрсетуіміз қажет. Осындай негізгі үш шартты ұстанған суретшінің әрқашан өнерді бағы жанады.

**– ҚР сурет саласының дамуы қазір қандай деңгейде. Шетелдік суретшілер мен отандық суретшілердің ерекшелігі неде деп ойлайсыз?**

– Елімізде туындылары кеңінен танылған суретшілеріміз баршылық. Алайда бізде сурет өнеріне деген құрметтің кемшін тұстары кездеседі. Баланың кішкене кезден қабілетін таразылап, өзі қалаған бағытқа жол көрсету керек. Ал, өзімізде шығармашылық жанрға деген түсінік терең болмағандықтан оған мән бермей, басқа салаға бетбұрыс жасауына жағдай жасаймыз. Шетелдік өнердің дамып кеткендігі осының әсерінен шығар. Оларда кез-келген өнер саласына ерекше құрмет байқалады. Және мемлекеттік қолдау да өз уақытында жүзеге асырылады. Былтыр Кипр университетінде бір ай көлемінде өткізілген көрмеге қатыстым. Ол жақта әр жерден келген мықты мамандар сурет салып, өз еңбектерін қалдырып кетті. Кейін бәрі жинақталып университет ішінде көркемсурет галереясы ашылады. Осындай типте біздің университетте де қолдау тауып, арнайы бұрыш жасақталса керемет болар еді. Университетімізге келген арнайы қонақтарға көрмеден естелік сыйласақ, бұл да білім ордасының деңгейін көтеруге жасалған игі қадамның бірі болар еді.

**– Университетімізге биыл 70 жыл толады. Жүреқжарды лебізіңіз болса, білдіріп өтуіңізге болады.**

Білім ордасының мерейтойы құтты болсын. Ректор Саламат Нұрмұханұлы университеттің түлегінен бүгінгі таңда басшылық қызметке өзінің жауапкершілігімен, тиянақты еңбегімен жетті. Еңбек жолында адал қызмет атқарған тұлға. Сондықтан ол басшылық ететін университеттің алға қарай биіктен көрінетініне сенімім зор. Білім ордасы өркендей берсін!

**– Сұхбат бергеніңізге рахмет. Жұмысыңызға табыс тілеймін.**

## УВАЖАЕМЫЕ ПРЕПОДАВАТЕЛИ УНИВЕРСИТЕТА!

Накануне большой юбилейной даты 70-летия нашего местного высшего учебного заведения – Атырауского Университета имени Х.Досмухамедова позвольте от себя лично и от имени всей моей 152-ой группы РКШ – выпускников 1988 года выразить большую благодарность в адрес коллектива нашего университета – в прошлом государственного педагогического института г. Гурьева, который мы закончили в свое время и благодаря знаниям, полученным от наших преподавателей историко-филологического факультета стали профессионалами своего дела и по сей день стоим у школьной доски.

К большому нашему сожалению, сейчас уже

нет многих тех Учителей – с большой буквы, ставших Легендами своего времени, которые давали нам знания: Светлая им память!

70 лет – это целая эпоха! Сколько дипломированных специалистов за эти годы вышли из стен нынешнего Университета, и мы знаем, каким был нелегким труд тех, чьи имена навечно остались в нашей памяти!

Несомненно – нынешний коллектив Университета гордо несет знамя Знаний и, как эстафету, передают их молодому поколению – нынешним студентам, выбравших нелегкую стезю Учителя, способных в будущем на самоотверженность и каждодневный подвиг на благо своей Родины – учить и воспи-

тывать детей!

Мы рады, что несмотря на все трудности в обществе, наше учебное заведение есть и действует, прилагая свои усилия в процветании нашей области и страны в целом!

Поздравляя коллектив АУ имени Х.Досмухамедова с этой прекрасной датой – 70-летним юбилеем, позвольте мне – выпускнице своего Альма-матер предоставить вам мое творчество из сборника стихов «Я-дочь, твоя Атырауская земля!», которые, надеюсь, найдут отклик в ваших сердцах и пожелать всем учителям нашей области великих свершений и добрых дел ради жизни на земле!

### О СТУДЕНЧЕСКОЙ ЖИЗНИ

Когда б нибудь,  
Но только вместе,  
Собратсья б снова, в тесный круг..  
И сесть за стол, за чашку чая  
И с ночи до утра болтать,  
Студжизнь нашу вспоминая...

Беспечное время- тебя не вернуть-  
Студенческой жизни-  
Прекрасный наш путь!  
Любовь -лишь взаимна  
И дружба – крепка,  
И радость – безмерна  
И жизнь – легка!

О молодость- чудесная пора!  
У ней есть два  
Сильнейшие крыла,  
Которые поднимут в высоту-  
Покажут вам земную красоту!

Не падай духом!  
И крепись всегда,  
Тогда отступят горе и беда!  
И боль в душе  
Сумей изгнать  
Трудом!  
В таком лишь темпе  
Дальше  
Мы  
Пойдем!

Из сборника стихов «Я- дочь твоя, Атырауская земля!»

\* \* \*

### МЫ ЖЕ ВЕДЬ СТУДЕНТЫ

(с юмором)  
А нас порой тревожит деканат,  
Грозя, что всех стипендии лишат,  
А мы – студенты!  
И такое дело:  
Студенты все домой хотят!  
И вновь бросая все делишки,  
Закинув сумку за плечо,  
Неугомонные девчонки и мальчишки,  
Бежим скорее на авто..  
Ах, неужели вы нас не поймете,  
Учителя, сокурсники, друзья!  
Вы вспомните студенческие годы:  
По дому просто не скучать нельзя!  
И строгость вашу, снова принимая,  
Нотащи выслушивая вновь,  
Мы потихоньку маму вспоминаем,  
А с нею вместе первую любовь.  
Они ждут нас: любимая иль милый,  
Который день, который год!  
И спрашивает с робостью и нежно:  
Когда твое студенчество пройдет?  
И мы, вновь не считаясь с деканатом,

Спешим в аэропорт и на вокзал,  
Поймите, преды,  
Мы же ведь студенты!  
Для нас важней,  
Чтоб дома кто-то ждал!  
И разве в том студенты виноваты,  
Что сердцу невозможно приказать,  
И как же, жаль, что нет у нас таланта:  
Не пропустив занятий,  
Прогулять!  
Вот так живут студенты  
На ходу:  
В дорогу быстро,  
На экзамен быстро!  
И умудряются и сессию  
Ведь сдать  
С веселым смехом  
И с веселой песней!

\* \* \*

### ОДИН ДЕНЬ ЭКЗАМЕНА ИЗ ЖИЗНИ СТУДЕНТА

Будильник. Звон. Крик мамы.  
Завтрак.  
Тетрадь. Учебник. Ручка тут.  
Костюм иль платье.  
Беспорядок.  
Зачетка в руки.  
В добрый путь!

Светаает. Утро и прохлада.  
Дорога. Фонари горят.  
Воспоминанья о вопросах...  
Автобус.  
Возгласы ребят.  
Поднялся. Встал.  
Сошел. Пошел  
Без остановки. Напрямую.  
Вперед.  
И корпус пред тобою.  
В аудитории друзья.  
Кричат, шумят.  
Шпаргалки. Книги.  
Учитель. Кабинет.  
Билет.  
Стол белый.  
Исторический ... момент!  
Рука трясется.  
Сердце бьется.  
Ответа ждут-  
И твой ответ...  
Вопросы сыпятся- д.п.  
Глаза горят.  
Язык болтает.  
Не чуя ног,  
Ты у дверей,  
Друзья так радостно встречают!  
Объятыя.  
Смех.  
Пожатье рук.  
И сердце выскочить готово:

Ведь испытало столько мук...  
Бегом на улицу с зачеткой!  
Ликуешь! И невольный крик!  
Студенты!  
Вот они – студенты!  
Сдал сессию!-  
Забыл все в миг!

\* \* \*

### ПОСЛЕ РАСПРЕДЕЛЕНИЯ

Нас судьба разбросает в неизвестные дали,  
Кто – то может из нас свой прославит народ,  
Но всегда возвращаться мы будем к причалу,  
От которого курс в путь сейчас мы берем.

Легкой жизни, друзья,  
Нам судьба не подарит,  
Только стойкость поможет  
Любому из нас,  
Даже, если под дых,  
Тебя кто – то ударит:  
На колени не падай  
И не прячь в землю глаз.

\* \* \*

### В ЧЕСТЬ ОКОНЧАНИЯ ГПИ

Наперекор своей судьбе  
Живи без грусти и печали,  
Желаю другу своему,  
Такое в самом я начале.  
Не опускай ты рук и плеч,  
Пусть все трудности отхлынут,  
Сумей в себе самом себе сберечь  
Надежду в радостное чудо.  
Пусть не дается все легко,  
Нам легкого совсем не надо,  
Живи открыто и светло,  
Не отводи от жизни взгляда.  
И прибавляя к жизни год,  
Мы не стареем, а мудреем,  
А это значит, что вперед,  
Идет лишь тот,  
Кто всех сильнее!

### ПРИМИ ХВАЛУ МОЮ

Ну, здравствуйте,  
Пенаты, мне родные!  
Вот выпал случай,  
И вернулась я  
В свой алматер,  
Где когда-то  
Училась также как и вы.  
И преклоняя голову свою,  
Я - алматер воспою,  
Благодаря тебя,  
Наш институт любимый!  
Наш ГПИ!  
Прими хвалу мою...

С уважением,  
выпускница 1988 года  
Гульнара КАНАТБАЕВА

## ӨЛКЕ ТАРИХЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ

Менің сыныптасым Бисен Аталық Гурьев пединститутын бітіргеніне (қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті) 50 жыл толған мерейлі мерекені группаластарымен бірге атап өтуде. Осы орайда «Индер ауданының Құрметті азаматы», Индер ауданы Жарсуат ауылында тұратын сыныптас досымыз, елге сыйлы, ардагер ұстаз туралы айтқым келеді.

Аталық Бисен Әлмұқанұлы 1948 жылы маусым айының 5-жұлдызында қазіргі Индер ауданы Жарсуат округіне қарасты Қызылжар ауылында дүниеге келді. 1955 жылы алғаш мектеп босағасын аттап, 1966 жылы Елтай ауылындағы М.Сиранов атындағы орта мектепті бітірді. Сол жылы Гурьев пединститутына қабылданып, 1970 жылы «Тарих және құқық пәндерінің мұғалімі» мамандығы бойынша үздік аяқтады.

Студент кезінде 1968 жылы Мәскеу қаласындағы М.В.Ломоносов атындағы университеттің базасында өткен дүниежүзі студенттерінің ғылыми-практикалық конференциясында «Сарайшықта жүргізілген археологиялық зерттеудің нәтижелері» атты баяндама жасап, Халықаралық Студенттер Одағы мен ВЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Институт қабырғасында «Гурьев мұнайшылары соғыс жылдарында», «В.И. Ленин атындағы орта мектептің тарихынан (Индер ауданы)» баяндамалары 2 жыл қатарынан республикаға ұсынылып, ректордың ақшалай сыйлығы мен Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің Құрмет грамоталары берілді.

Алғаш ұстаздық еңбек жолы 1970 жылы басталып, 2011 жылы құрметті еңбек демалысына шықты. Мектепте өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары екендігін көрсетіп, халық арасында ағартушылық, оқу-тәрбие жұмысын жолға қойды. Жұмыста өзін көрсете білген Б.Аталықты аудандың партия комитеті 1975 жылы «артта қалған» Құрылыс ауылындағы 8 жылдық мектепті (қазіргі М.Мөңкеұлы атындағы орта мектеп) басқаруға жіберді. Алғашқы кезде орталықтан шалғай «артта қалған» шағын елді мекендегі мектептің оқу-материалдық базасы нашар, мұғалімдердің үйі жоқ тұрақсыз, жаңадан сегізжылдыққа айнала бастаған, небәрі 6 сыныбы ғана бар мектепті басқарды.

Әрине, бұл кезең талай басыны сынап, қолынан іс келетін болса шыңдап, қайраткер етіп тәрбиелейтін ауыр жылдар еді.

Жас директор жоғары органдардың алдына мектеп

«проблемаларын» өткір қойып, қолдау тапты. Аталық Б.Ә. басшы болып келген жылы жаңа мектеп үйі мен моншаның құрылыстары басталып, 1976 жылы пайдалануға берілді. Кеңшар әкімшілігі 1980, 1986 жылдары мектепке қосымша 10-ға жуық бөлме мен шеберхана салып, жабдықтап берді. Мектеп малшы, егінші-механизаторлардың баспанаға «аса мұқтаждығына» қарамастан кеңшар әкімшілігі бірнеше мұғалімдерге жаңа үй бөлді.

Мектеп басшысы ауданның жаңа үлгімен салынған мектептерінде бір түп ағаш өспесе де, мұғалімдердің ұйымдастыруымен оқушылар Жайық өзенінен инағашпен жаяу су тасып, айналасын жасыл желекке бөлеп, Ұлы Жеңістің 35 жылдық мерекесі қарсаңында мемлекеттен ешқандай ақша шығармастан мектептің алдына соғыста қаза тапқан «Боздақтарға» арналған ескерткіш орнатылды.

Сөйтіп, көп ұзамай-ақ мектепке мұғалім кадрлар тұрақтап, оқу-тәрбие жұмысы өз нәтижелерін бере бастады. Аз уақытта мектеп пен интернаттың оқу-материалдық базасы адам танымастай болып өзгерді. Заман талабына сәйкес мектеп ұжымы қолмен от жағудан құтылып, Құрылыс аудандағы «болашағы зор, үлгілі, салауатты» ауылға айналып, үндеу жариялады. Сондықтан аудандық партия комитеті бюросы мен атқару комитетінің «Білім саласына» тағайындаған алғашқы ауыспалы туын 1980 жылы осы мектептің жеңіп алуы-шынында сол кезде мектеп директорының нағыз іскерлігі мен уақытпен санаспай күні-түні жұмыс істеп, бұған педұжымды жұмылдырған басшының жанқиярлық еңбегінің нәтижесі еді.

Көп ұзамай мектеп директоры Аталық Б. 1987 жылы іргелі ұжым Жарсуат ауылындағы Махамбет атындағы орта мектепті басқаруға жіберілді. Ширек ғасырға жуық ауданның М.Мөңкеұлы және Махамбет атындағы орта мектептерін басқарып, аудан бюросы мен кеңес атқару комитеті және жоғары білім бөлімдерінің ауыспалы тулары мен жүлделерін бірнеше жыл қатарынан иеленді.

1991 жылы Б.Әлмұқанұлы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен Атырау университетінде тарих пәні бойынша Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болды. Бірнеше рет облыстық «Жаңа технологиялар» мен панорамалық сабақтар беру, педагогикалық оқу т.б. байқау-сайыстарға қатысып, бәрінде де алғашқы орын-дар иеленіп, шәкірті Есқалиев И.М. «Мұраттану жөніндегі ізденістерім» атты ғылыми жо-



баны қорғауда II республикалық тест сынағынан I орын алған. Ұжым басшысы ретінде тәжірибиелері облыс, республика бойынша таратылып, бірнеше рет байқаудан «Үздік мектеп директоры» жүлдесін алып, «Үлгі-тірек мектебі» ретінде мектептің базасында көптеген облыстық семинарлар ұйымдастырылды.

Аталық Б. мектепті басқарудағы шығармашылық жұмысы үшін облыс әкімі қабылдап, тәжірибиесі туралы Қазақ телевизиясы әдейі хабар беріп, «Егемен Қазақстан» газеті арнайы бет жариялады.

Махамбет орта мектебінде шәкірттерінің облыс, республика деңгейінде жетістіктерге жетуге көп еңбек сіңіргенін әріптестері біледі. Әсіресе «Махамбет поэзиясы күні» мен республикалық, Халықаралық «Махамбет оқуларын» өткізуді жолға қойып, Махамбет пен М.Мөңкеұлының өлеңдерін жатқа, мәнерлеп айтуда шәкірттері жүлделі орындарды иеленіп, жоғары оқу орындарының грантын ұтып алудың негізі қаланды.

«Жоғары санатты» ұстаз ретінде шәкірттері Қазақтың Әл-Фараби атындағы ҰУ –і деканының орынбасары х.ғ.к, доцент, қазір Түркияда Б.Есқалиева, Атырау университетінің кафедра меңгерушісі, ғалым Д.Хамидуллина, медицина институтын бітіріп, Израиль елінен облыс бойынша жалғыз өзі білім жетілдірген, облыстық микрокардиолог дәрігер М.Тасқарина, облыстық, республикалық деңгейде кейбір басшылар мен Халықаралық жарыстарда жүлде алған көптеген шығармашылық шәкірттерді тәрбиелегенін мақтан етуге болады. 2007 жылы Б.Аталықтың жетекшілігімен мектепте тарихи-өлкетану мұражайы жасақталып, 2012 жылы «М.Өтемісұлы әдеби-мемориалдық» музейі ашылып, штаттар берілді. Қазір бұл мұражай облыс пен республикадан келген құрметті қонақтарды қабылдап, халық пен оқушылар жиі аралайтын қасиетті орынға айналып, өзі 2017 жылға дейін осында жұмыс істеді.

Б.Аталық 2014 және 2015 жыл-

дары жаңадан құрылған музейдің жұмысын республикаға таныту мақсатында талабы өте жоғары, әлемдік конкурса ғылыми баяндамаларын жіберіп, нәтижесінде Өскемендегі ШҚМУ-і мен Алматы қаласындағы Қазақтың Абай атындағы ҰПУ-ң базасында өткен конференцияларға шақырту алды.

Әсіресе, 2015 жылы Алматыдағы ғылыми конференцияда дүниежүзінің ғалымдары оның «Махамбет музейі мен зерттелмеген қырлары туралы» баяндамасын жоғары бағалап, кітапқа енгізіп, әдейі сертификат берді.

Бұл мұражай туралы ҚР-сы Прламент Сенатының депутаты С.Еңсегенов: «Біз мұндай музейді Алматы мен Астана қалаларынан ғана көретін едік» десе, академик – жазушы З.Қабдолов: «Бұдан алған әсеріміз ұшан-теңіз, Махамбеттің ұрпақтары ұлы бабаның өлмегенін, өлмейтінін дәлелдеп, керемет өнер көрсетті, рахмет» деген қолтаңбалар қалдырды.

Әкесінің ұстаздық жолын қуған әріптес-қызымыз Гүлфайруз Бисенқызы Атырау университетінде кафедра меңгерушісі, биология ғылымдарының кандидаты, доцент «ҚР-сының ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Б.Аталықтың ұзақ жылғы ұстаздық еңбегі лайықты бағаланып, Білім және ғылым министрі мен жергілікті органдардың құрмет грамоталары, Алғыс хаттарын, «ҚР-сы білім беру ісінің үздігі» және «Индер ауданының құрметті азаматы» атақтарын иеленген.

Өткен жылы Қазақстанның әлемге белгілі адамдарымен бірге Махамбет сыйлығын алды. Біз жерлес, әріптес сыныптасымыз Б.Аталыққа мықты денсаулық, өмірлік жары Рая екеуіне ұрпақтарының қызығын көріп, ұзақ өмір сүрулеріне тілектестік білдіреміз, әрдайым қуанышта кездесейік.

**Т.БИМАГАМБЕТОВ,**  
Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы



**Жекенов Сәдіржан Самиғоллаұлы, 1989 жылғы түлек, Атырау аймақтық дене шынықтыру және спортты дамыту орталығының басшысы:**

«Құрметті Х.Досмұхамедов атындағы университет ұжымы! Сіздерді шын жүректен мерейлі 70 жылдық мерейтойларыңызбен құттықтаймын. Өзім де осы білім ордасының 1989 жылғы түлегімін. Аталған оқу орны тек республикалық көлемде ғана емес, дүниежүзіне де танымал екені белгілі. Себебі, өзім де спорт саласында болғандықтан, танымал спортшыларды тәрбиелеп шығаруда университеттің еңбегі зор. Солардың қатарында Ринат Ибрагимов, Арман Шылманов сияқты халықаралық дәрежеде танылған майталмандар бар. Алдағы уақытта да елдің жанашырларын дайындауда жұмыстарыңызға табыс, береке тілеймін»



**Шылманов Арман Константинұлы, университетіміздің 2009 жылғы түлегі, ҚР таэквондо федерациясының вице-президенті, мемлекеттік жаттықтырушы:**

«Құрметті талапкерлер, сіздерді Атырау университетіне оқуға түсуге шақырамын. Себебі, осы университетте көптеген танымал тұлғалар түлеп шықты. Соның ішінде өзім олимпиада жүлдегері, таэквондо спортын Қазақстанда дамытуға үлес қосып жатырмын. Сонымен қатар, ескере кететін елеулі оқиға – университетіміздің 70 жылдық мерейтойы құтты болсын. Оқу ордасы өркендей берсін, дами түссін. Танымал түлектерді тәрбиелеп, еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер. Талапкерлерге үлкен жетістіктерге жетіп, биіктен көрініңіздер деген тілек білдіремін»

## КЕШЕГІ ТҮЛЕК - БҮГІНГІ ЕЛ МАҚТАНЫШЫ



**Ибрагимов Ринат Хисаулы, 2007 жылғы түлек, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы:**

Құрметті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті ұжымы! Сіздерді биылғы 70 жылдық мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Мен, университеттің 2007 жылғы түлегімін. Оқу ордасы менің өмірлік жолымда үлкен қадамдарды басуыма септігін тигізді. Талапкерлерді сапалы білім ордасына оқуға түсуге шақырамын. Мерейтой қарсаңында университетімізге ел танитын тұлғаларды тәрбиелеп шығаруда толағай табыстар тілеймін. Ғұмырың ұзақ болсын, тағылымы мол білім ошағы!



**Сартбаев Бақытбек Мырзағалиұлы, университетіміздің 2014 жылғы түлегі, облыстық халық шығармашылығы орталығының басшысы:**

«Мен Бақытбек Мырзағалиұлы университетіміздің барша ұстаздар қауымын биылғы 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Тағылымы биік, тарихы тереңде жатқан осынау үлкен білім ордасының білімді студенті атануға талаптанған болашақ талапкерлерге сәт-сапар тілеймін. Армандарыңыз орындалып, қазақ елінің мақтан етер азаматы болыңыздар»



**Гиладжев Ринат Маратұлы, университетіміздің 2006 жылғы түлегі, Атырау қалалық мәслихатының депутаты:**

«Құрметті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ұжымы, профессор-оқытушылар құрамы сіздерді төл мерекелеріңізбен, мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Бұл қара шаңырақтың берген білімінің нәтижесінде барлық группаластарым өз мамандықтарының білікті мамандары болып қызмет атқаруда. Бізді тұлға ретінде қалыптастырып, қоғамға, саяси өмірге араласуға дұрыс бағыт-бағдар берген тәжірибелі ұстаздарымызға айтар алғысымыз шексіз. Университетіміздің барлық ұстаздарына биік белестерді бағындырып, талапты студенттерді даярлауда шығармашылық табыс, абыройлы еңбек тілеймін. Мереке құтты болсын!»



**Жұмабай Ануар Жұмабайұлы, университетіміздің 2009 жылғы түлегі, «Сармат» лидерлер академиясының директоры:**

«Құрметті Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ұжымы, тілектері. Мен Ануар Жұмабай, кәсіпкермін, 2013–2014 жылғы «Үздік жас кәсіпкер» атағын иелендім. Университетіміздің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында жүрекжарды тілегімді білдіре отыра, бала кездегі кәсіпкер боламын деген арманмен 2005 жылы «Қаржы» мамандығына оқуға түстім. Экономика факультетінің алғашқы түлегі болған маған университетіміздің берген білімі мен тәжірибесі өмірлік жолымды құруға көмегін тигізді. Түлектерге карантинге қарамастан өз мақсаттарыңыздан айнымай, алға ұмтылыңыздар дегім келеді. Университетіміз жанданып, алдыңғы қатардағы білім ордасына айналсын»

## БАҚЫТҚА ЖАРАЛМАҒАН



**«Жас қаламгер» айдарының кезекті шығарылымында Филология мамандығының 2 курс студенті Камилла Мұратованың алғашқы туындысымен таныстыруды жөн көрдік**

Көктемнің басталған шағы. Ауа райы да табиғат аясында жаяу жүруге өте қолайлы. Зәурешті жаңа ғана автобустан түсе салысымен әлдебір күштің осы жаққа қарай тартуы тегін емес-ті. Ол бұрынғы бала кезінде өзі талай жүріп өткен таныс жолдармен, туған жердің ауасымен тыныстап келе жатыр. Оның себебі де жоқ емес. Көптен бармаған ауылын сағыныпты. Қырық жылды артқа тастап туған ауылына оралса да, бұл мекен сол кездегідей қолын бұлғап шақырып тұрғандай. Осы бір өлке сонау бір жылдары бала жүрегіне, пәк көңілді қыз ғұмырына әдемі естеліктер сыйлағанымен әлі де жүрекке ыстық әрі қымбат көрінеді. Жазықтағы қара жолмен келе жатқан ол сәл айналага көз тастап қарап тұрды да, таяғына сүйеніп, өзінің «жеке меншік» орынына отыра кетті.

Ғұмырының өзіне ғана мәлім тұсынан хабардар жанына жақын тартқанауыл іргесіндегі өзенге көз тастады. Қанша жыл өтсе де бұл өзен, «баяғы сәби кезіндегідей сондай таза, қыз ғұмырдың сезіміндегі неткен мөлдір еді» деп іштей терең ойға батты. Көпірдің бергі бетіндегі орындықта осынау табиғаттың сұлу көрінісіне, өзеннің етегінде ойнақшып тербелген тентек толқынға, әдемі қайыңдарға тамсанып біраз отырды. Кенет оқыс есіне бірдеңе түсіп кеткендей орынынан ұшып түрегелді. Екеудің сезімінің куәгері, махаббаттарының ескерткіші болған сол қайыңдыбір қайың ағашын іздеді. Таяғына сүйеніп жүріп оны да тапқандай болды. Қайыңға жақындай беріп еді аяғы тайып кете жаздады. Бірақ, Зәурешті сол күндердегідей Мұқан емес, қайың ағашы сүйеп бойына күш бітіргендей болды. Сонау жылғы екеу ара сыр шерткен кезден ағашқа ойып жазған есімдерінің алғашқы әріптерінен тек «3-ның» жұрнағы ғана қалыпты. Бағанадан бері көкірегін кернеп тұрған алай-дүлей сезімдері осы сәтте Зәурештің көзінен ащы жас боп

жерге моншақтай ағылды. Егілген жанарымен қоса жүрегі де бірге елжіреді. Осы сәтте... бойжеткен шағындағыдай өзенге ішкі назын төгіп, өкінішін айтып, өкіріп бір жылап алғысы да келді. Бірақ, олай ете алмады. Бар қолынан келгені ағашқа сүйеніп өткен шақтағы жастық күндерін есіне алды.

Иә, ол расымен де Зәурештің қыз ғұмырындағы бір аяулы да, мөлдір шағы еді ғой. Оның кіндік қаны осы мөлдір өзеннің жағасында тамған. Анасынан ерте жастан айырылса да, өмірге өкпе айтпай толқынды өзеннің ағысына қарсы жүзе білді. Бір кездегі қаршадай қыздың әке көңілін жықпау үшін, оған демеу болып, артынан ерген іні-сіңілілерінің қас-қабағына қарап жүріп, бауырларын да бірге жеткізді.

Зәуреш үлкенге де, кішіге де ізеті мен құрметі бөлек ерек жан болып өсті. Бойжеткен шағында да, көркімен болсын, білімімен болсын қай қырымен салыстырсаң да өз замандастарынан анағұрлым биігірек, оқ бойы озық жүретін. Кейін онжылдықты жақсымен аяқтап, арман қуып қалаға кетті. Өзі сәбидей ақкөңіл болғандықтан ба, немесе кішкентай балаларды қатты жақсы көргендіктен бе әйтеуір Зәурештің көңілі сол мамандықты шын жүрегімен қалағанында. Үздіктер қатарынан үнемі көрінетін жайсаң мінезді қыз бұл белесті де оңай бағындырды. Қаладағы оқуын сәтті аяқтап, ауылына жас маман болып кері оралды. Осы қызметінде жүріп Мұқанмен танысты.

Сұңғыла бойлы көріті жігіт қаладан оқып келген білімді жас мамандардың алды болатын. Бір басына жетерлік өнері бар жігіттің сыбазы еді. Сол уақытта ауылдағы қыз біткеннің әңгімесі осы Мұқан, жігіт біткеннің әңгімесі Зәуреш деп басталатын. Алайда Мұқанның жас жүрегі Зәурештен басқаны қаламады. Зәуреш Мұқанды алғашқы кездесуден-ақ өзінің талғамындағы ақсары өңді дөңгелек жүзімен, өзгеге ұқсамас әдемі күлкісімен, мұң мен мейірім аралас қою қара көзімен баурап алған. Алғашқы кездесуде Мұқан Зәурештің беліне дейін жететін, тарай қалса толқынданып жататын қалың қолаң шашына ерекше назарын аударып, қызыға қарайтын. Мұқан болса әзіл-шыны аралас сөзін айта жүріп, «мен осы дүниеде сенің шашыңның жұпары мен жаңбырдың иісін ғана жақсы көрем» дейтін. Әсіресе Мұқан Зәурешінің адамға қараған сәттегі тап-таза жанарын шын ұнататын. (бірақ, сол Мұқан ұнатқан жанарды бүгіндері білінер-білінбес көлеңке тәрізді әлдебір мұң шалағандай...)

Сөйтіп, сол жылғы бір ерекше көктемде бұл екі жастың махаббат хикаясы басталғанды. Мұқан көпірдің арғы жағындағы ау-

ылда, Зәуреш дәл көпірдің бергі бетіндегі үйде тұратын. Екеуі кешке дәл көпірдің ортасында кездесетін. Ал, бірін-бірі күтетін уақыттар бола қалса, ол сәттер олар үшін ғасырға татитындай бірін-бірі көрмесе тұра алмайтын, бір-бірінсіз өмір сүре алмайтын халге жететін. Осындай көктемгі кездесулердің бірінде қос ғашық ұзақ сыр шерткен-ді. Сол күнгі кеште Мұқан қайыңға ғашығының есімін ойып тұрып, Зәурешке: «жарығым, Зәурем, көңілімнің нұры! Ендігі жерде бізді ешкім айыра алмайды. Себебі, біз екеуміздің адал махаббатымыздан құралған алынбас берік қамалымыз бар. Оған мына төбеміздегі сен сүйетін ай мен жымыңдасқан жұлдыздар куә. Сондықтан өзіңнің менің жанымда мәңгілік болғаныңды қалаймын. Тіпті, сен менен бас тартсаң да, мен сенен еш уақытта кете алмаймын. Өйткені жан жүрегіммен сені мәңгілік сүйіп өтемін. Сен маған махаббат деген осынау ұлы сезімнің бұлағынан бал таттырған алғашқы және соңғы махаббатым болып қаласың.» деп ағынан жарылған. Сол кеште Мұқан айтқан жүректі елжіретер сөздер Зәурештің жан сарайында дәл бүгінгідей аяулы дауыспен, өткеннің естелігі боп, айна-қатесіз жаңғырып тұрғандай. Алайда бал жаласқан балауас күндердің енді қайтып келмеске кеткені, басқан із, көрген қызықтың сағымданып көз ұшында осылай қалып қойғаны қашан. Апта арасын ай жалғап жылға толтырып, күнді күн қуып жетіп жүйрік уақыт өз ағысымен көз ілеспес шапшаңдықпен бақыттыларға байқатпай, баяу әрі тез өтіп жатты. Осындай күндердің бірінде қос ғашыққа көз тиді ме, немесе сөз тиді ме кім білсін, аудан орталығынан келе жатырған Зәурештердің көлігі апатқа ұшырады. Бұл тосын жағдайдан соң Зәурештің жүріп-тұруы айтарлықтай қиындады. Оң аяғы бар болғанымен, мүлде жаны жоқ, тіпті өзіне артық мүшесіндей көрінді. Алайда сүйгенінің қамқорлығы мен қолдауының арқасында бұл қиындықты да қайсар жүректі қыз еңсере білді.

Жаздың салқын самал ескен кешінің бірі болатын. Бүгін Мұқан ауданға кеткендіктен Зәуреш далаға шықпады, күнұзақ үйде отырды. Құдды бір жасауындай, көненің көзіндегі етіп, ұқыппен сақтап жүрген ескі фото-альбомдарды қарап, өткен күннің іздеріне үңіліп

отырған. Кенет телефоны шыр етті. Ол телефонға сүйретіле жүріп әрең жетті. Тұтқаны көтергенде перзентханаға жұмысқа орналасқанына үш-ақ күн болған жас машықкер Жайнаның дауысы екен. Өзі жасқа булығып сөйлей алмай тұр.

«Зәурешжан, өтінем мені өлтірмесең мына жаққа тез жетші» дегені. Айтқанша болған жоқ аурухана көлігі үйінің іргесіне келісімен медицинадан хабары бар Зәуреш жедел жәрдеммен ауруханаға да келді. Жайнаны да сол жерден жолықтырып арнайы палатаға кірсе бір әйел толғатып жатыр екен. Өзінен ащы судың иісі мұңкіп тұр, тіпті қасына жақындатар емес. Толғағы қысып жатса да әлгі әйел перзентхананы басына көтеріп айқайлап жатыр. Жайнаға қараса оның түрі сұрланып кетіпті. Зәуреш мұндағы жағдайға тез араласып қолдан келген көмегін әлгі әйелге көрсетіп жатыр. Әйтеуір екеуі әупірімдеп жүріп әлгі әйелді босандырып алды. Сөйтіп жаздың айлы түнінде періштедей қыз бала дүние есігін ашты.

-Неге тудырдыңдар? Баланы көзіме көрсетпеңдер. Әйтпесе өзім өлтіре салам. Бұның маған бір тиынға да керегі жоқ. Тіпті бұл сүмелекті бір жартыға да ауыстырып ала алмаймын. Ол ма-сыл болудан басқа маған қайбір бақыт сыйлар дейсің. Онсызда өзімнің бір басыма жетерлік сорым аз емес. Сор сорыма бейнет қосып шарананы мойыныма масыл қылғанша тұншықтыра салғаным артық емес пе?!-деп кішкене нәрестенің шешесі жағымсыз ащы да ызалы дауысымен, ұнамсыз ерсі күлкісімен өз сәбиіне адамның сай сүйегін сырқыратар аяусыз қарғыстарын жаудырып жатты. ай Мұны естіген Зәуреш пен Жайна сәбиді ұстаған күйі не айтарларын да білмей есеңгіреп қалды. Аналардың ішінде де осындай тасбауырлары болады екен-ау деп екеуара іштей күбірлесті. Ал, көкек ана болса баласын Зәурешке ұстатқан күйі: -Әй, сенің не мөлдіреп, жаның ашып тұр? Жаның ашып бара жатса мә, өзің-ақ бағып адам қыларсың бұл бейшараны.- деді де, көкек ана алды артына қарамай кете барды.

(Жалғасы келесі санда)



## Грант иегері атанғанымға өте қуаныштымын

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетін таңдау кезінде ең таңдаулы және сапалы білім ордасы екендігіне аса мән бердім. Сонымен қатар, ата-анам да оқуға түскелі отырған университеттің түлектері. Бұл мені одан сайын қанаттандырып, қадамымды нақтылауға көмектесті.

Бүгінгі таңда ата - анам қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі болып жұмыс атқаруда. Болашақта мен де білікті мамандар атанған ата - анам секілді ағылшын пәні мұғалімі болып саналы ұрпақ тәрбиелегім келеді.

Осындай керемет мүмкіндік сыйлаған және жан-жақты дамыған университеттің студенті атану арманымға бір қадам жақындата түскендей.



## Менің таңдауым – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Менің есімім – Ажар. Осы жылы өте жақсы деген нәтижемен оқығаным үшін "Алтын белгі" иегері атандым. Бұл мен үшін үлкен қуаныш болды, сонымен қатар алдымда ҰБТ атты үлкен сынақ, жаңа өмірге қадам тұрды. ҰБТ-ны ойдағыдай тапсырып, 97 балл алдым. Мамандығым – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі. Елімізде болып жатқан індетке байланысты өз қаламда қалуды жөн көргендіктен, осы ЖОО түсемін деп шештім. Университеттің тарихы бай, білім беру мен кәсіби мамандар дайындаудың сапасын халықаралық стандарттар деңгейінде қамтамасыз ететін, ұлттық инновациялық даму міндеттерін шешуге белсене қатысатын, инфраструктурасы қазіргі заман талабына сай бірегей оқу орны. Осылайша мемлекеттік білім беру грант конкурсына қатысып, грант жеңіп алдым. Бұл арманымға жету үшін қаншама қиындықтардан өткендіктен, қатты қуандым, іштей риза болдым, құжаттарымды тапсырдым. Енді, мен – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студентімін.



## Золотая медаль - большое достижение

Я, Ван Виктория Александровна, обладательница золотой медали, выпускница средней школы имени Х.Санбаева Мақатского района Атырауской области. Такого статуса я достигла благодаря 11 годам неустанный поиска знаний. Я подавала заявку на грант в университет имени Х.Досмұхамедова. Получив грант, я не могла сдержать слез радости. Я выбрала этот университет, потому что в нем есть все необходимые для студента условия. Университет мне очень понравился. Я постараюсь хорошо учиться и быть примером для многих. Будущим абитуриентам я советую заранее планировать свои цели и выбирать хороший университет. В моем случае это – университет имени Х.Досмұхамедова.



## Білікті маман болғым келеді

Мектепті аяқтай келе, қандай оқу орнына түсемін деп көп ойландым. Кейін осы университет жөнінде ақпараттар алдым және ғимараттары мен аудиторияларын көргеннен кейін өзіме қатты ұнады. Өз таңдауымдағы мамандықты меңгере отырып, білікті маман атану үшін осы Х.Досмұхамедов атындағы университетті таңдап отырмын. Бәрі болашақтың еншісінде.



## Мұғалім болу - арманым

Мен 2020 жылғы жас түлек, алтын белгі иегері Әділғалиева Медина болашақта мұғалім болуды қалап, Халел Досмұхамедов атындағы университетке оқуға түстім. Университет жайлы таныстарым мен достарымнан жақсы пікірлер жиі еститінмін. Және облысымызда бірінші орындағы оқу орны деп санаймын. Арманым алдамайтынына сенімдімін.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы  
Атырау қаласы  
Студенттер даңғылы, 212

**Редакция:**  
Ф.Балғожиев – Редактор  
П.Тулин – дизайнер–бет құрушы  
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:  
Ә.Кенжетай  
Н.Жаңбырбай  
А.Мутиева  
С.Ерсайынқызы  
Электрондық пошта–media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 6 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #999 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана